

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 81.1  
МРНТИ 16

DOI: <https://doi.org/10.37788/2021-1/10-17>

Ж.Д. Рапишева<sup>1\*</sup>, З. Исмадияр<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

\*(e-mail: r\_zhanat@mail.ru)

### Қазіргі лексикография: даму үрдісі мен бағыттары

#### Аннотация

*Негізгі мәселе:* Мақалада қазақ лексикографиясының қазіргі жайы мен даму бағыттары қарастырылады. Қазіргі заманғы лексикография салаларының мақсат-міндеттері мен мүмкіндіктері анықталып, сөздік түзудің ғылыми-теориялық және практикалық негіздері сипатталады.

*Мақсаты:* Лексикография теориясы мен практикасының дамуы лексикографияны тіл білімінің жеке саласы ретінде тану, сөздіктерді құрудың теориялық негізін жасау, сөздіктердің жалпы типологиясы, сөздіктердің макро- және микроқұрылымын анықтау сияқты қажеттіліктерден туындайды. Сондықтан мақалада қазақ лексикографиясының тәжірибесін қорыта отырып, оның жалпы теориялық мәселелерін, даму бағыттарын анықтау, тіл ғылымындағы орнын көрсету мақсаты көзделген.

*Әдістері:* Зерттеу барысында сипаттамалы әдіс, анализ, синтез жасаудың әдіс-тәсілдері қолданылды.

*Нәтижелер мен олардың маңыздылығы:* Қазақ лексикографиясының жалпы теориялық, құрылымдық мәселелері зерделенетін ғылыми еңбектерге, қазақ лексикографиясының тарихы бойынша жасалған зерттемелерге, сөздік түзудің тәжірибесі мен ғылыми негіздері қарастырылатын зерттеу еңбектеріне қысқаша шолу жасалады. Авторлар сөздіктерді жасау жұмысында, олардың сапасын арттырудағы лексикография теориясының маңызын, сөздік бірліктерді сөзтізбеге сұрыптап алуда басшылыққа алынатын ұстанымдар құрамын, олардың қызмет ету ерекшеліктерін, зерттеу нысанына сәйкес сөздік түрінің сөзтізбесіне алынатын тілдік бірліктердің сандық және сапалық құрамын, қазақ лексикографиясының теориялық және практикалық мәселелерін, қазақ тілінің сөздіктерін жасаудың ғылыми-теориялық негіздерін белгілеп, оның сөзтізбесін түзудің құрылымдық ерекшеліктерін анықтайды. Сөздік түзудің ғылыми негіздерін, олардың сөзтізбе құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін зерттеудің таза ғылыми тұрғыдан да, қазақ тілін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру тұрғысынан да маңыздылығын көрсете отырып, мақала авторлары сөздіктердің түзілу заңдылықтары мен сапасы тілдің қазіргі қоғамдағы қызметіне тікелей байланысты деген қорытынды жасайды.

Қазіргі лексикографияның даму үрдісі кез келген сөздікке тән қасиеттерді зерттейтін жалпы лексикографияны және лексикографияның жеке бөлімдерін (оқу, терминологиялық, ономастикалық және т.б.) бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы лексикография типологияны қолдана отырып, барлық сөздіктердің жалпы (немесе статистикалық тұрғыдан басым) ерекшеліктерін белгілеуі керек, сонымен қатар сөздіктердің қызметі мен қолданылуының жалпы заңдылықтарын зерттеуі керек. Жеке лексикографияда сөздіктің белгілі бір түрінің ішкі құрылымын мен оны жасау әдістерін, сөздіктің белгілі бір түрінің тарихын, сөздіктің белгілі бір түрінің мақсаты мен адресатын зерттейтін бөлімдер болуы керек. Сондықтан лексикограф мамандар лексикографияның одан әрі дамуы болашақта сөздіктердің қолданыстағы түрлерін жетілдіру мен жаңа түрлерін түзуде, күрделі сөздіктердің пайда болуында және лексикографиялық қызметті компьютерлендіруде деп есептейді.

*Түйін сөздер:* лексикография, сөздік, сөздік түзу, сөздіктің метатілі, компьютерлік лексикография, электрондық сөздік.

#### Кіріспе

Тіл білімі ғылымы мен лингводидактиканың ара жігінде пайда болған жаңа сала лексикографияның қазіргі таңдағы ең өзекті де күрделі міндеттерінің бірі – лингвистика мен лингводидактиканың даму деңгейін танытатын, белгілі бір оқу кезеңіне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, оқыту мақсатына бағдарланған оқу сөздіктерін түзу болып табылады.

Соңғы кезде лексикография өз дамуының жоғары сатысына көтерілді: сөздіктердің жаңа түрлері қалыптасты, сөздік сипаттамаларының метатілі байыды және жетілдірілді, сөздік адресаттарының әртүрлі мақсаттарын ескере отырып, «сөздік – оқырман» диалогының жаңа принциптері жасалды. Бүгінгі таңдағы лексикографиялық бум қоғамның сөздіктердің ерекше рөлін түсінуімен, сөздік өнімдеріне туындаған практикалық сұраныспен байланысты деуге болады. Соңғы уақыттағы лексикографиялық басылымдардың жиынтығы дәуірдің тілдік келбетін бейнелейді, қазіргі тілдік тұлғаның лексиконындағы

ең маңызды өзгерістерді білдіреді, бұл сөздіктер өздерінің сөйлеу мәдениетін саналы түрде құруға және басқалардың сөйлеу мәдениетін бағалауға қабілетті адамның қалыптасуында ерекше орын алады.

Лексикографияның алдында тұрған міндеттер адам тәжірибесінің әртүрлі салаларын, атап айтқанда аударма, ана тілі және шет тілін оқыту, компьютерлік және ақпараттық-ізвестіру жүйесі, мәдениеттану, этнография, кәсіби қарым-қатынас, әлеуметтану, психология және т.б. қамтиды.

Бірақ қазіргі уақытта лексикография лексикографиялық-қолданбалы ғана емес, сонымен бірге ақпараттық-танымдық-әдіснамалық мәселелерді шешу арқылы өз рөлін кеңейте түсуде. Бүгінгі таңда сөздік түзу ғылымы ақпараттық технологияның, яғни компьютерлік тіл білімінің, практикалық ғылыми тәжірибелердің, жалпы және педагогикалық лингвистиканың түйіскен жерінде орналасқан дейді мамандар.

Лексикографиялық жұмыс – халықтың өркениетінің белгілі бір деңгейінің белгісі, ол қоғамдағы өндіріс пен өндірістік қатынастардың жағдайы мен деңгейін, этностың философиялық, саяси, діни, ғылыми-техникалық ойының дамуын, сөздікте сипатталған тілдің тасымалдаушысын белгілейді. Сонымен қатар сөздіктің өзі тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде осы қоғам ғылымының жетістігі ретінде көрінеді.

Сөздік әдетте жаңа қажеттіліктерді, жаңа адресатты, қазіргі лингвистикалық көзқарастарды ескере отырып жасалады. Лексикографиялық жұмыс әрқашан салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Тілдік жаңалықтардың лексикографиялық бекітілуі, әдетте, философиялық тұрғыдан объективті және қисынды болатын тілдің дамуынан кешегідей жүретін құбылыс.

### **Материалдар мен әдістер**

Лексикографияның тарихы өз кезегінде сөздіктер мен тұтас лексикографиялық концепциялар тарихы және лексикографияның негізгі мәселелерін шешу тарихы салаларына бөлінеді.

Лексикографияның теориясы сөздік түзу тәжірибесін қорытып, жүйеге салады, сөздіктердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан жанрларын жетілдірудің теориялық мүмкіндіктерін ашады. Лексикографияның теориясы лексикографияның тарихына, лексикографиядағы отандық және әлемдік дәстүрлерге, сондай-ақ теориялық зерттеулерге сүйенеді. Лексикографияның теориясы мен тарихы өзара өте тығыз байланыста қарастырылады.

Сөздіктерді жасау жұмысында, олардың сапасын арттыруда лексикография теориясының маңызы айрықша. Лексикография теориясының дәрежесі неғұрлым жоғары болса, сөздіктер де соғұрлым мазмұнды, соғұрлым сапалы болмақ. Сөздіктердің сапасын арттыру сөздік жасау жұмысына қатысты көптеген теориялық және практикалық мәселелер жайында зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Олардың ішінде айрықша назар аударатын мәселелер мыналар: сөздің лексикалық мағыналарының типтері, мағына мен қолданыс, сөз мағыналарының сөздікте берілу тәртібі, полисемия құбылысы мен омонимия құбылысының айырмашылығы, фразеологиялық сөз тіркестерінің сөздікте берілу принциптері, сөздікке кіретін туынды сөздердің түрлері және олардың аумағы мен шегі, сөздерге берілетін анықтама (түсіндірме) мен стилистикалық сипаттама т.б. [1; 47].

### **Нәтижелер**

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы антропоцентрилік лексикография идеяларын қамтитын бірқатар түбегейлі жаңа лексикографиялық басылымдардың жарық көруімен ерекшеленді. Сөздіктерге жүгіну адамның лексиконын ұйымдастыру туралы, оның жадында сақталған білім жиынтығы туралы объективті түсінік алуға, лексикалық жүйені оның жеке қабылдау призмасы арқылы ұғынуға, тілдің сөздік құрамын зерттеу саласындағы теориялық ізденістерді тілдің сөздік қорын пайдаланушылардың нақты коммуникативті сұраныстарымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Тілдің игерілуін ашық түрде тіркейтін соңғы жылдардағы сөздіктер лексиканың нақты динамикасын көруге, қоғамның нақты прогресі мен тілдің дамуын көрсететін аймақтарды, сондай-ақ өткеннің ерекшеліктерін білдіретін жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі лексикография машиналық деректер банкін кеңінен пайдаланады. Осы негізде лингвистика мен лексикографияның жаңа бағыты – корпустық лингвистика мен компьютерлік лексикография қалыптасты. Сөздіктерді жасаушылар «лексикографиялық кеңістікті» үнемі жаңартып отыруға тырысады, осылайша оқырмандардың – сөздікті пайдаланушылардың жаңа сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыруға тырысады. Мысалы, компьютерлік бағдарламалар лексикографияда лингвистиканың қолданбалы бөлімі ретінде белсенді қолданыла бастады. Сөздіктер жасау, ақпаратты сұрыптау, оны кодтау және өңдеу, жедел аудару, синонимдерді таңдау және басқа да маңызды міндеттер аталған бағдарламалар көмегімен тез, жылдам іске асырылады. Ақпараттық технологияларды қолдану лингвистік оқытушылық және аударма қызметіндегі жұмысын едәуір жеңілдетеді.

Қазіргі лексикография жұмысы компьютерсіз мүмкін емес. Лексикографиялық деректерді өңдеудің дәстүрлі әдістері біртіндеп компьютерлік әдістермен алмастырылуда. Қазіргі лингвистикада электрондық сөздіктерді құрастыруда компьютерлік технологияларды қолдану әдістерін зерттеу үшін жаңа бағыт – компьютерлік лексикография саласы қалыптасты. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар барлық компьютерлік лексикографиялық бағдарламаларды шартты түрде екі топқа бөлуге мүмкіндік береді: 1) сөздіктерді құруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті

бағдарламалар (оларды лексикографиялық өнімдерді қолдау бағдарламалары деп те атайды); 2) электрондық сөздіктер мен лексикографиялық мәліметтер базасы.

Компьютермен құрастырылған барлық сөздіктерді де екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ баспа (яғни баспадан шыққан) сөздіктерінің электрондық нұсқалары түрінде ұсынылған. Екінші топ бастапқыда электронды форматта жасалған сөздіктерден тұрады, олар компьютерлік бағдарламада қарастырылған қосымша функциялармен сипатталады. Электрондық лексикографиялық өнімдер бірнеше форматта болады: жеке орнатылған бағдарлама, сөздікті басқа бағдарламаларға немесе электрондық ресурстарға біріктіру. Баспа өнімі (баспадан шыққан сөздіктер) сияқты электронды сөздіктер де тақырыбына, мақсатына, қызметіне (функция), көлеміне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Электрондық сөздіктер сөздік мақалалардың автоматтандырылған банктерін және бағдарламалық материалдарға қызмет көрсетуді біріктіреді. Автоматты сөздіктер анықтамалық ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді: оның құрамына кіретін бірліктердің кез келген жиілік сипаттамалары; лексиканың әртүрлі категориялары бойынша проекциялар; бірнеше түрлі сөздіктердің материалдарын біріктіру.

Электрондық сөздіктер ыңғайлылығымен, икемділігімен, көптігімен, көлемдігімен, интерактивтілігімен сипатталады. Ыңғайлылық пайдаланушыға кіріс және шығыс тілін өзгертуге мүмкіндік береді. Икемділік қажетті ақпаратты табуы жеңілдетеді. Динамизм сияқты сипаттама сөздікті пайдалану үдерісінде ескірген деректерді үнемі толықтыруға, түзетуге, алып тастауға мүмкіндік береді. Көлемдік сөздіктегі тілдік бірліктердің кез келген санын электронды сөздіктерге қосуды білдіреді. Ұсынылған сөздердің санына байланысты сөздіктер былайша бөлінеді: үлкен (жүз мыңнан астам сөз), орташа (қырық мыңнан астам сөз), кіші (он мыңнан қырық мың сөзге дейін). Бірліктердің мағынасынан басқа да грамматикалық сипаттамалары, сөз құрамы және басқа да ерекшеліктер сипатталады. Интерактивтіліктің мәні әр пайдаланушының қажеттіліктеріне назар аудару болып табылады [2; 183].

Қазіргі компьютерлік технологиялармен жабдықталған заманауи практикалық лексикография гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларындағы ақпараттың лексикографиялық сипаттамасына қосылудың маңызды мәселелерін шешуге жақынды түскені анық.

Сөздік түзудің тәжірбиесі мен теориясындағы бұрын ғылыми талқыға түспеген мәселелер енді ғылыми зерттеудің нысанына айналып, өзекті, көкейкесті мәселелер қатарынан орын алуда. Солардың бірі – лексикографияның метатілі.

*Метатіл* термині алғашқы кездері тар мағынада – логика және математика ғылымдарындағы қосалқы, жасанды тіл ұғымында қолданылып келген болатын. Бергін келе терминнің мағынасы кеңейіп, енді ғылым салаларының бәрінде де *нақты ғылым тілі* мағынасында қолданыла бастады.

Зерттеуші Р.Түсіпқалиеваның пікірінше, лексикографиядағы метатіл ұғымы екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші, жалпы, кең мағынадағы *бірінші дәрежелі метатіл* – белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни *сөздіктің метатілі* болып шығады [3; 11].

Екінші мағынасы – тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни *лексикографияның метатілі* болып шығады. Лексикографиялық аппарат атауларының тілі сөздіктердің барлық түрлеріне қатысты. Лексикографияның ғылыми мәселелерін сөз ету үшін оның ғылыми аппаратымен таныс болу керек. Демек, лексикографияның метатілі – лексикографияның кілті іспеттес, негізгі, жалпы мәселе [3; 12].

Сөздіктің метатілі – *анықтамалардың, түсініктемелердің, сілтемелердің, шартты белгілердің, қосалқы деректердің, дәйектеме материалдардың, т.б. осылар тәрізді түсіндірме құралдарының тілі*. Сөздіктің метатілі қарастыратын мәселелер қатарына: сөздік мақаланың құрылымы, сөздік дефиницияның түрлері, сөздік бірліктерді түсіндірудің принциптері (параметрлік талдау) жатады [3; 13].

Әрбір лексикографиялық туындының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оны жоспарлаудың, инструкциясы мен проспектісін жасаудың, сөздікті түзу ісін ұйымдастырудың өзгешеліктері болатыны белгілі.

В.В.Морковкиннің тұжырымдауы бойынша, сөздік проспектісі мынадай негізгі бөліктерден тұрады: 1) сөздіктің мақсаттары мен міндеттерін баяндау; 2) нақты адресатты көрсету; 3) сөздіктің композициясын сипаттау; 4) сөздіктің сөзтізбесін сипаттау (сандық және сапалық); 5) сөздік мақаланың құрылымын сипаттау; 6) сөздік мақаланың жекелеген элементтерін жүйелі түрде, бірте-бірте, ретімен және толық сипаттау; 7) белгілерді, қабылданған қысқартуларды, шартты таңбаларды сипаттау; 8) дереккөздерді (соның ішінде лексикографиялық та) көрсету; 9) қосымшаларды сипаттау [1; 55-56].

Тілдік бірліктердің лексикографиялық сипаттамасы жағынан оқу сөздіктерінің басым бағыты антропоцентрлік болып табылады. Лингвоцентрлік сөздіктер – бұл тілге арналған сөздіктер. Олардың басты міндеті – қол жетімді тілдік фактілерді тіркеу, сипаттау және бағалау. Антропоцентрлік сөздіктер – «адамға арналған» сөздіктер. Олардың басты міндеті – адамға, біріншіден, тілді санамен байланысты қалыптастыру, екіншіден, тілді тиімді пайдалануға көмектесу. Осыған байланысты антропоцентрлік тәсілдің екі жағын атап көрсетуге болады:

– «адамдағы сөздік» – «*словарь в человеке*» (адам сол тілдің тұтынушысы, сол тілде сөйлеуші ретінде);

– «сөздіктегі адам» – «человек в словаре» (сөздікте адамды бейнелеудің объективтілік дәрежесі) [1; 132-133]. Бұл аспектілер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Сөздік жасау тәжірибесі тіл туралы білімнің барлық жиынтығын ұсынудың жаңа оңтайлы және қолжетімді тәсілдерін анықтады. Сөздікті пайдаланушылардың әртүрлі топтары – лингвист ғалымдар, қазақ, орыс тілдерін үйренетін шетелдіктер, шет тілін үйренетін оқушылар мен студенттер, оқу үдерісінде, кәсіби салада және тіпті бос уақытта туындайтын нақты сұрақтарға жауап іздеп сөздіктерге жүгінетін тілді қолданушылар сөздіктерге жүгіну барысында әртүрлі мәселелерді шешетінін ескеру қажет.

Кейбір лингвистер аударма немесе екі/көп тілді лексикография терминдерін қолданады. Аударма лексикографиясының негізгі мазмұны бір тілдің тілдік бірліктерін екіншісінің (басқалардың) көмегімен беру, сипаттау болып табылады. Аударма лексикографиясы әртүрлі тілдердің элементтері арасында балама қатынастар орнатуға арналған. Демек, аударма лексикографиясы аударма сөздіктер туралы мәселелерді қарастырады.

Соңғы уақытта оқу лексикографиясы кеңінен дамуда, оның мазмұны оқу мақсатындағы лексиканы сипаттаудың теориялық және практикалық аспектілері болып табылады. Оқу лексикографиясы тек оқу (оқыту) сөздіктерін жасаумен ғана емес, сонымен қатар лексикалық минимумдарды құрастырумен де айналысады.

Қоғамдық құбылыс ретінде сөздікті белгілі бір қоғамда, белгілі бір жерде және уақытта өмір сүретін әлеуметтік, таптық, касталық, топтық ұғымдар жүйесі саналатын идеологиядан бөліп қарауға болмайды.

Белгілі бір мағынада сөздік өнім ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғам идеологиясының векторы ретінде де саналады. Тілдік бірліктерді қолдану қоғамның идеологиялық және мәдени қалыптасуына байланысты. Сөздікте, яғни мәдениеттің айнасында қоғамдық қатынастар өзінің барлық алуан түрлілігінде көрінеді. Алайда лексикографтың көзқарастары биліктің немесе қоғамның «бүкіл» идеологиялық көзқарасына қайшы келген кезде сөздіктің авторы үшін ол қоғамдағы үстемдік ететін идеологияға қарсы күресетін құралға айналады. Қалай болғанда да, сөздік, кез келген әдеби шығарма сияқты, толығымен «идеологиялық тұрғыдан таза» бола алмайды, өйткені лексикографиялық еңбек сол қоғамда пайда болады, сол қоғамда өмір сүреді, сол қоғам мүшелеріне қызмет етеді.

#### Талқылау

Қазақ лексикографиясындағы сөздіктердің түзілім тарихына арналған алғашқы еңбектердің бірі – М. Малбақовтың «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты зерттеуі [4]. Аталған жұмыста XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында жазылған лексикографиялық туындылар қарастырылады. Сонымен қатар зерттеуде аталған кезеңдегі сөздіктердің сөзтізбе құрамы мен сөздік мақала құрылымы, атаулардың лексика-семантикалық құрамы баяндалады. Сөздіктер мен олардың авторларының қазақ лексикографиясы тарихындағы орны айқындалады.

Сөздік лексикологиясында сөздіктің түріне, типіне, жанрына, жасалу мақсатына, адресатына, көлеміне байланысты тілдік бірліктерге жасалатын алуан түрлі сипаттаманың әдіс-тәсілдері, лексикографиялаудың заңдылықтары ешкеліп, айқындалады. Тілдік және метатілдік құбылыстарды лексикографиялаудың қажеттеріне бағдарлай түсіндіру қамтамасыз етіледі. Осыған қажетті әдістемелік шешімдердің типтік үлгілері ұсынылады. М. Малбақовтың пікірі бойынша, лексикалық бірліктердің сөздіктерде лексикографиялану заңдылықтары маңызды болып табылады. Лексикалық бірліктер санатына жеке-дара бірліктер де, тұтас бір топ, категориялар, жүйені қамтитын күрделі бірліктер де кіреді [5; 37].

Зерттеуші М. Малбақов ағылшын лексикографиясындағы тілүйренімдік мақсаттағы түсіндірме сөздіктердің «мектепке дейінгі балаларға арналған, бастауыш мектептегі балаларға арналған, орта мектеп оқушыларына арналған, студенттерге арналған, от басында қолдануға арналған, жұмыс орнында қолдануға арналған, кітапханада қолдануға арналған, жол-жөнекей қолдануға арналған («жол ашар», «қалта сөздіктері») дегендей, түрлі дәреже-деңгейлерде жасалып отырғандығын» жазады. Ғалым сөздіктердің осындай алуан түрлерін жасауға негіз болатын басты ұстанымның – градуалдылық екендігіне тоқтала отырып, аталмыш ұғымның мәнін ашады: «Латын тіліндегі «адым, қадам» мағынасындағы *gradus* сөзі мен ортағасырлық латындағы *gradarius* «ақырын адыммен жүруші, асықпайтын», *gradatim* «қадам сайын, бірте-бірте, ақырын-ақырын», *gradatio* «бірте-бірте биіктеу, ақырын көтерілу», *gradualis* «басқыш сайын, бірте-бірте» сөздерімен төркіндес градуалдылық ұстанымының негізінде тілдің жүйелілік қасиеттерін кеңейте көрсету, «тілді үйрену процесін сатылы түрде, үздіксіз жүргізу, оны бірте-бірте күрделендіру» ұғымы жатыр. Градуалды сипаттама біріне бірі кірігетін сөздіктер сериясы түрінде жүзеге асады» [6; 93]. Ғалым өз ойын «осы тәрізді сатылы тілүйренім сөздіктерін жасау – қазақ лексикографиясы үшін де қажетті іс екендігі даусыз» деген түйінмен аяқтайды. Оқу сөздігінің көп түрін жасауға болады. Қазақ тілін үйренушілерге арналып жасалатын осындай градуалды сөздіктер қажет. Алайда олардың ғылыми негізде жасалуы, қазақ тілінің лексикалық негізін құрайтын базалық лексиканы қамтуы шарт. Қазақ тілінің лексикалық негізі инвариант қызметін атқарады.

Сөз үнемі қолданыста болғандықтан, оның бүгінгі сипаттамалары, оны сөйлеушінің бүгінгі қабылдауы тек өткен ғасырларда ғана емес, сонымен қатар алдыңғы бір-екі онжылдықта байқалған

сөздермен сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан сөздің қолданыстағы қызметінің барлық ерекшеліктерін көрсете отырып, лексикограф сөздіктің болашақ оқырманын көре білуі керек, сөзді таза синхронды қабылдаумен анықталған маңызды сипаттамаларын көруі керек. Әртүрлі сөздіктердегі сөздің пайда болу уақытын, адресатқа прагматикалық қатынасын ескере отырып, сипаттамасы сөздіктің құрамында да, анықтамалардың сипатында да, бағалау жазбаларында да, иллюстрациялық материалда да көрінетін сөздік идеологиясымен тығыз байланысты. Бұл фактор бүгінде өте маңызды және гуманитарлық білім беру жүйесінде ескерілуі керек, өйткені жаһандық әлеуметтік өзгерістер жағдайында мағыналардың идеологиялық компоненттерінің жоғалуы ХХ ғасыр мәдениетінің көптеген мәтіндерін дұрыс қабылдауға кедергі болып табылады.

Қоғамдық нарықтық қатынастар жағдайында адамның ойлау қабілеті мен қолының өнімі ретінде лексикографиялық жұмыс қолданушының қажеттіліктерін, таралу жағдайларын, сұраныстарын ескеруді, сондай-ақ нарықта ілгерілеуді болжау мен және т.б. жан-жақты талдауды қажет ететін өнімге (тауарға) айналады. Сондықтан, ең алдымен, көптеген елдердің жағдайын ескере отырып, мемлекеттік және коммерциялық басылымдарды түбегейлі ажырату керек. Сөздіктің коммерциялық басылымы, сайып келгенде, моральдық және қаржылық пайда түсіретін іс, онымен Еуропа мен Америка мемлекеттерінің көптеген баспалары айналысады, қазіргі Ресей мен Қазақстанның да сөздік шығару тәжірибесінен орын алған.

Коммерциялық сөздік стратегиясында «сөздік соғыстары» деген ұғым бар, ол нарықтағы лексикографиялық жұмыстар арасындағы бәсекелестікті білдіреді. Мысалға Англиядағы Джонсон (Johnson) және Бэйли (Bailey) сөздіктері арасындағы «соғыстарды» келтіруге болады, сондай-ақ Шеридан (Sheridan) мен Уокер (Walker); Америкада Вебстер (Webster) және Вустер (Worcester) сөздіктері арасындағы, КСРО-да Ушаков пен Ожегов сөздіктері арасындағы тартыстар. Нарықтағы кез келген өнім сияқты сөздік нарықтық кеңістіктің белгілі бір бөлігін жаулап алуға қатысады, осыған байланысты лексикографиялық жұмыстардың бәсекелестігі жетілдірілген сөздік материалдардың пайда болуына себін тигізеді.

Қазіргі заманғы лексикография пайдаланушының қажеттілігіне негізделеді. Мамандар сөздіктердің коммуникативті маңыздылығы туралы былай дейді: «Лексикограф қоғам, яғни сөйленістің (речь) ұжымдық тасымалдаушысы мен индивидуум арасындағы делдал ретінде әрекет етеді, ол сөздікке сілтеме жасай отырып, лексикографқа сұрақ қоятын адам. Лексикографтың (ұжымдық білімнің тасымалдаушысы) жауаптары сөздіктің оқырманы үшін міндетті қағида, ереже ретінде қабылданады, өйткені сөздік жеке білім мен бүкіл ұжымның білімі арасындағы алшақтықты жоюға арналған» [7; 12].

Бүгінгі таңда түрі, көлемі, бағыты бойынша әртүрлі жаңа лексикографиялық басылымдар пайда болды. Біз қазақ тілінің қазіргі сөздіктерінің тізімі 200-ден асатынын анықтадық. Мысалы, жаңа сөз, жаңа ұғым атауларымен толыққан, 106 000 сөзден тұратын біртөмдік қазақ тілінің үлкен түсіндірме «Қазақ сөздігі» – қалың жұртшылықтың тіл мәдениетін арттыратын, тілтанымдық білімдерін жетілдіретін құрал ретінде жарық көрді. Бірнеше рет шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі», тағы басқа толып жатқан жаңа сөздіктер оқырман қолына тиді. Соңғы кезде қазақ тілінің салалық сөздіктері интернет кеңістікке бейімделіп келеді. Олар түрлі электрондық сөздіктер ретінде көптің қажеттілігін өтеп жатқан [sozdik.kz](http://sozdik.kz), [soylem.kz](http://soylem.kz), [lugat.kz](http://lugat.kz), [e-zerde.kz/terms/](http://e-zerde.kz/terms/), [mtdi.kz/tusindirme-sozdik](http://mtdi.kz/tusindirme-sozdik) т.б. сайттарда орналасқан. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жасалып жатқан «Қазақ тілінің тіркесімдер сөздігі», «Қазақ тілінің жарыспалы сөздер сөздігі», т.б. сөздіктің жобалары қазіргі сөздік түзу талаптарын қанағаттандыратын лексикографиялық еңбектерге қосылатыны сөзсіз.

### **Қорытынды**

Лексикографиялық жұмыс – халықтың өркениетінің белгілі бір деңгейінің көрсеткіші, ол қоғамдағы өндіріс пен өндірістік қатынастардың жағдайы мен деңгейін сипаттайды, этностың, яғни сөздікте сипатталған тілді тұтынушының философиялық, саяси, діни, ғылыми-техникалық ойының дамуын көрсететін дереккөз саналады. Сонымен қатар сөздіктің өзі мәдениет туындысы, тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам ғылымының жетістігі ретінде көрінеді. Сауатты, заман талабына сай жасалған сөздіктер халық тарихына бейнелеу өнері немесе музыка туындылары сияқты халықтың рухани мұрасы ретінде кіреді. Сөздік – ұлттық мәдениеттің өнімі болып табылады. Ол пайдаланушының сөздікке қоятын негізгі сұрақтарына жауап береді: мен сөзді дұрыс айтамын ба, сөзді немесе тіркесті дұрыс қолданамын ба, бұл сөздің басқа тілге аудармасы дұрыс па және т. б. Тіл үнемі дамып, өзгеріп отыратындықтан, сөздік те «уақытша» феномен. Ол қазіргі немесе тарихи (этимологиялық) сөздік болсын, әрдайым тілді оның дамуының белгілі бір кезеңінде көрсетеді.

Компьютерлік лексикография қолданбалы лингвистиканың жаңа және бұрыннан қалыптасқан саласы болып табылады. Қазіргі лингвистер әртүрлі типтегі электронды сөздіктерді белсенді түрде жасайды әрі қолданады. Компьютерлік лексикографиялық жұмыстарды құрастыру бойынша жұмыс әзірлеушіден белгілі бір кезеңдерді сақтауды талап етеді. Біріншіден, сіз негізгі материалды жинап, сөздік мақалалар жазуыңыз керек. Екіншіден, сөздіктің жалпы тұжырымдамасын әзірлеу, бағдарламалық мүмкіндіктерді ескере отырып, сөздікке қойылатын талаптарды анықтау қажет. Үшінші кезең – бұл компьютерлік қосымшаны тікелей бағдарламалық қамтамасыз ету, ыңғайлы интерфейс құру және навигация құру. Төртінші кезеңде сөздік тәжірибеде сынақтан өткізіледі. Осы кезеңдер бойынша жұмыс

істеу филологтың сөздік түзу, жасаудағы жұмысын едәуір жеңілдетеді, қолдануға өте ыңғайлы және толық бағдарламалық өнім жасауға мүмкіндік береді.

Сөздіктердің сандық және сапалық жағынан өсуі лексикография ғылымының дамуымен және лингвистиканың барлық жетістіктерін сөздік түрінде көрсетуге деген ұмтылысымен ғана емес, сонымен қатар сыртқы әлеуметтік-мәдени себептермен де түсіндіріледі: әртүрлі ақпарат көздерінің маңыздылығының артуы, авторлардың адресат факторын мүмкіндігінше ескеруге тырысуы. Сонымен қатар қазіргі сөздік жасау ісіндегі коммерциялық компоненттің де маңызды екендігін ескерген жөн.

Соңғы онжылдықтардағы таза академиялық саладағы лексикография қоғамның қажеттіліктеріне тез жауап беретін әлеуметтік мобильді салаға айналды, бірақ бұл ұтқырлықта көбінесе өзінің бастапқы қасиеттерін жоғалтуы мүмкін. Соңғы уақыттағы лексикографиялық басылымдардың жиынтығы дәуірдің тілдік келбетін бейнелейді, қазіргі тілдік тұлғаның лексиконындағы ең маңызды өзгерістерді білдіреді; бұл сөздіктер халықтың мәдени жадын сақтауда, тілдік ұжымның құзыретті мүшесін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Сонымен, тіл білімінде лексикография туралы идеялардың дамуына талдауды қорытындылайтын болсақ, үш маңызды ұстанымды атап өтуге болады: 1) «лексикография» термині ғылыми айналымда XIX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды; 2) терминге берілген тұжырымдаманың мазмұны ғылымның қолданбалы аспектісінен теориялық аспектісіне қарай дамыды; 3) XX ғасырдың соңғы ширегінде лексикография тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасты; 4) тіл ғылымының саласы ретінде лексикография лексикология, семасиология, стилистика, этимология, фонология және т.б. сияқты лингвистикалық пәндермен тығыз байланысты болғанымен, аталған салалардың зерттеу нәтижелерін пайдаланғанымен, көбінесе кейбір мәселелерді шешуде олардан озып та кетеді. Демек, лексикография дербес ғылым саласы, әмбебап ғылым ретінде өз даму бағытын алды деп қорытындылауға болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии: дис. ... д-ра фил. наук. – М., 1990. – 280 с.
- 2 Шляхова А.В. Электронный словарь и его специфика // Вестник Тюменского государственного университета. – 2008. – № 1. – С. 181-185.
- 3 Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы : фил. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.
- 4 Малбақов М. Қазақ лексикографиясының тарихы : фил. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1992. – 152 б.
- 5 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2003. – 357 б.
- 6 Малбақов М. Шағын тілүйренім сөздігінің минимум құрамы туралы // Тілтаным. – 2008. – № 1. – Б. 87-95.
- 7 Складаревская Г.Н. Антропоцентрическая лексикография: идеи и практика // Лексикография. Язык. Речь. – София, 2013. – С. 95-104.

### REFERENCES

- 1 Morkovkin, V. V. (1990). Osnovy teorii uchebnoy leksikografii [Fundamentals of the theory of educational lexicography]. Doctor's thesis. Moskva [in Russian].
- 2 Shliakhova, A. V. (2008). Elektronnyy slovar' i yego specifika [Electronic dictionary and its specifics]. Vestnik Tjumenskogo gosudarstvennogo universiteta – Bulletin of Tyumen State University, 1, 181-185 [in Russian].
- 3 Tüsipqaliev, R. (2007). Qazaq leksikografiasy: ekitildi shağyn sözdikterdiñ qūrylymy [Kazakh lexicography: structure of bilingual dictionaries]. Extended abstract of candidate's thesis. Almaty [in Kazakh].
- 4 Malbaqov, M. (1992). Qazaq leksikografiasynıñ tarihy [History of Kazakh lexicography]. Candidate's thesis. Almaty [in Kazakh].
- 5 Malbaqov, M. (2003). Bir tildi tūsindirme sözdiktıñ qūrylymdyq negizderi [Structural foundations of a monolingual explanatory dictionary]. Almaty: Ğylym [in Kazakh].
- 6 Malbaqov, M. (2008). Shağyn tilyyrenim sözdiginiñ minimum qūramy turaly [About the minimum composition of a small dictionary]. Tiltanym – 2008, 1, 87-95 [in Kazakh].
- 7 Sklyarevskaya, G.N. (2013). Antropocentricheskaya leksikografiya: idei i praktika [Anthropocentric Lexicography: Ideas and Practice]. Leksikografiya. Yazyk. Rech'. – Lexicography. Tongue. Speech. Sofija [in Russian].

**Ж.Д. Рапишева<sup>1</sup>, З. Исмадияр<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Казахстан

### Современная лексикография: тенденции и направления развития

В статье рассматриваются состояние и направления развития современной казахской лексикографии. Определены цели, задачи и возможности современных отраслей лексикографии, описаны научно-теоретические и практические основы составления словарей. Развитие теории и

практики лексикографии обусловлено потребностями признания лексикографии отдельной областью языкознания, разработкой теоретической основы создания словарей, общей типологией словарей, определением макро- и микроструктуры словарей. Поэтому целью данной статьи является обобщить опыт казахской лексикографии, выявить ее общетеоретические проблемы, направления развития, показать ее место в лингвистической науке. В ходе исследования использовались описательный метод, методы анализа и синтеза.

Авторы сделали обзор научных трудов, в которых изучаются теоретические и практические проблемы казахской лексикографии, исследований по истории казахской лексикографии, а также работ, в которых рассматриваются опыт и научные основы составления словарей. Авторы отмечают значение теории лексикографии в создании словарей, повышении их качества, выбора основных принципов при сортировке словарных единиц в словаре, особенности их функционирования, количественный и качественный состав языковых единиц, подлежащих включению в соответствующий вид словаря согласно предмету исследования,

обозначают теоретические и практические проблемы казахской лексикографии, научно-теоретические основы создания словарей казахского языка, определяют научно-теоретическую и практически прикладную стороны современной лексикографии как науки о языке.

Указывая на важность изучения научных основ составления словарей, их состава и структурных особенностей, как с чисто научной точки зрения, так и с точки зрения реализации государственных программ, направленных на развитие казахского языка, авторы статьи делают вывод о том, что закономерности и качество составления словарей напрямую зависят от основных функций языка в современном обществе.

Положение дел в современной лексикографии позволяет говорить о выделении общей лексикографии, изучающей свойства, присущие любому словарю, и частных разделов лексикографии (учебная, терминологическая, ономастическая и т.д.). Общая лексикография должна устанавливать общие (или статистически преобладающие) черты всех словарей с помощью типологии, а также исследовать общие закономерности функционирования и использования словарей. Частная лексикография должна содержать разделы, изучающие внутреннее устройство данного типа словаря и методы его создания; историю данного типа словаря; предназначение и адресат данного типа словаря. Поэтому специалисты в области лексикографии считают, что перспективы дальнейшего развития лексикографии видятся в совершенствовании существующих и создании новых типов словарей, появлении комплексных словарей и компьютеризации лексикографической деятельности.

Ключевые слова: лексикография, словарь, метаязык словаря, компьютерная лексикография, электронный словарь.

**Zh.D. Rapisheva<sup>1</sup>, Z. Ismadiyar<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Academician E.A. Buketov Karaganda University, Kazakhstan

### **Modern lexicography: trends and directions of development**

The article examines the state and directions of development of modern Kazakh lexicography. The goals, objectives and possibilities of modern branches of lexicography are determined; the scientific-theoretical and practical foundations of compiling dictionaries are described.

The development of the theory and practice of lexicography is due to such needs as the recognition of lexicography as a separate area of linguistics, the development of a theoretical basis for the creation of dictionaries, a general typology of dictionaries, the definition of the macro - and microstructure of dictionaries. Therefore, the purpose of this article is to summarize the experience of Kazakh lexicography, to identify its general theoretical problems, directions of development, to show its place in linguistic science.

The study used a descriptive method, analysis and synthesis methods.

A brief overview of scientific works is made, which study general theoretical and practical problems of Kazakh lexicography, research on the history of Kazakh lexicography, as well as works that consider the experience and scientific foundations of compiling dictionaries. The authors note the importance of the theory of lexicography in creating dictionaries, improving their quality, choosing the basic principles when sorting vocabulary units in a dictionary, the peculiarities of their functioning, the quantitative and qualitative composition of linguistic units to be included in the corresponding type of dictionary according to the subject of research, denote the theoretical and practical problems of Kazakh lexicography, scientific and theoretical foundations for creating dictionaries of the Kazakh language, determine the scientific, theoretical and practically applied aspects of modern lexicography as a science of language.

Pointing to the importance of studying the scientific foundations of compiling dictionaries, their composition and structural features, both from a purely scientific point of view, and from the point of view of the implementation of state programs aimed at the development of the Kazakh language, the authors of the article conclude that the patterns and quality of compiling dictionaries directly depend on the basic functions of the language in modern society.

The state of affairs in modern lexicography makes it possible to talk about the allocation of general lexicography, which studies the properties inherent in any dictionary, and particular sections of lexicography (educational, terminological, onomastic, etc.). General lexicography should establish common (or statistically dominant) features of all dictionaries using typology, as well as explore the general patterns of functioning and use of dictionaries. Private lexicography should contain sections that study the internal structure of this type of dictionary and methods for its creation; history of this type of dictionary; purpose and addressee of this type of dictionary. Therefore, experts in the field of lexicography believe that the prospects for the further development of lexicography are seen in the improvement of existing and creation of new types of dictionaries, the emergence of complex dictionaries and the computerization of lexicographic activities.

Keywords: lexicography, dictionary, dictionary metalanguage, computer lexicography, electronic dictionary.

**Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 18.01.2021 ж.**